

**Сайрам ауданының азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы**

Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2022 жылғы 18 тамыздағы № 18-117/VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 тамызда № 29214 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешім 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі.**

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 139-бабының 9 тармағына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Сайрам аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

2. "Сайрам аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Сайрам аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат хатшысы*

*Ш. Халмурадов*